

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 ақпандағы № 43 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 8 ақпанда № 9749 болып тіркелді

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына, 139-бабы 9-тармағына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулысының 2-қосымшасына сәйкес әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. "Науырзым ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

Т. Карбозов

Әкімдіктің
2021 жылғы 5 ақпандағы
№ 43 қаулысына
1-қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық аурухананың басшысы, аудандық емхананың басшысы, аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеме және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің меңгерушілері;

3) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

4) акушер;

5) диеталық мейіргер;

6) тіс дәрігері (дантист);

7) мейірбике (мейіргер);

8) қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик);

9) зертханашы (медициналық);

10) провизор (фармацевт);

11) психолог маман;

12) рентген зертханашысы;

13) әлеуметтік қызметкер;

14) фельдшер;

15) медициналық тіркеуші;

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) ауданның халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;

2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;

3) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;

4) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

5) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

6) психоневрологиялық аурулары бар балаларды және 18 жастан асқан мүгедектерді күту жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

3. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның кітапхана меңгерушісі (басшысы);

3) аккомпаниатор;

4) библиограф;

5) кітапханашы;

6) мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер);

7) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

8) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;

9) хореограф;

10) қазақ, ағылшын тілдерінің мұғалімдері.

Әкімдіктің
2021 жылғы 5 ақпандағы
№ 43 қаулысына
2-қосымша

Әкімдіктің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Әкімдіктің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2018 жылғы 12 шілдедегі № 83 әкімдіктің қаулысы (2018 жылғы 10 тамызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8001 болып тіркелген).

2. Әкімдіктің "Науырзым ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 83 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 28 әкімдіктің қаулысы (2019 жылғы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8367 болып тіркелген).

3. Әкімдіктің "Әкімдіктің 2018 жылғы 12 шілдедегі № 83 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысының өзгерістер енгізу туралы" 2020 жылғы 15 мамырдағы № 61 әкімдіктің қаулысы (2020 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9187 болып тіркелген).